

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар» «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының бетпе-бет отырысының 2021 жылғы 16 маусымдағы № 30/21 хаттамасына № 22 қосымша

Статус документа: действующий. Дата: 16.06.2021 г.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі»
акционерлік қоғамы Басқармасының
бетпе-бет отырысының
2021 жылғы 16 маусымдағы
№ 30/21 [хаттамасына](#)
№ 22 қосымша

«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы»
акционерлік қоғамының Жалғыз
акционерінің 2021 жылғы «__» _____
шешімімен («Бәйтерек» ұлттық басқарушы
холдингі» акционерлік қоғамы
Басқармасының № ____ хаттамасы)
БЕКІТІЛДІ

«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының [Жарғысына](#) (бұдан әрі - Жарғы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Жарғының [9.1-тармағында](#):

7) тармақша «шарттары мен тәртібін» деген сөздерден кейін «, мерзімдерін» деген сөздермен толықтырылсын»;

17) тармақша алып тасталсын;

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«22) Басқарма төрағасын материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тарту, жұмыстан шеттету, тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алу;».

2. Жарғының [10.2-тармағында](#):

3) тармақша алып тасталсын;

7) тармақша «комплаенс-бақылаушының» деген сөздерден кейін «, Омбудсменнің» деген сөзбен толықтырылсын»;

13) тармақшадағы «/тізілім» деген сөз алып тасталсын;

29) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«29) Басқарма төрағасын қоспағанда, Директорлар кеңесінің шешімдерімен тағайындалатын және (немесе) сайланатын Қоғам қызметкерлерін материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тарту, жұмыстан шеттету және тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алу;»;

32) тармақша «тағайындау» деген сөздерден кейін «,өкілеттік мерзімін айқындау» деген сөздермен толықтырылсын.

3. Жарғының [10.24-тармағының](#) бірінші абзацы «жеті» деген сөзден кейін «күнтізбелік» деген сөзбен толықтырылсын.

4. Жарғының [10.27-тармағының](#) төртінші бөлігі «жиырма» деген сөзден кейін «күнтізбелік» деген сөзбен толықтырылсын.

5. Жарғының [11.8-тармағында](#):

1) тармақшадағы «жедел» деген сөз «ағымдағы» деген сөзбен ауыстырылсын;»;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар» «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының бетпе-бет отырысының 2021 жылғы 16 маусымдағы № 30/21 хаттамасына № 22 қосымша

Статус документа: действующий. Дата: 16.06.2021 г.

«б) Директорлар кеңесі бекіткен қызметкерлердің жалпы саны шеңберінде штат кестесін және ұйымдық құрылымды бекіту. Бұл ретте, жаңа бизнес процестердің және (немесе) қызмет бағыттарының пайда болуы және (немесе) қолданыстағы бизнес процестерден және (немесе) қызмет бағыттарынан бас тарту, қайта ұйымдастыру, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына енгізілетін өзгерістер, жаңа мемлекеттік бағдарламаларды бекіту немесе қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жағдайларын қоспағанда, ұйымдық құрылымды күнтізбелік жылда бір рет артық өзгертуге жол берілмейді;»;

7) тармақша алып тасталсын.

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12) Қоғам Басқармасы жанындағы комитеттер (комиссиялар) құру, құрамын айқындау, олар туралы ережелерді бекіту туралы шешімдер қабылдау;».

6. Жарғының [11.13-тармағында](#) «Басқарма төрағасының орынбасарлары Басқарма мүшелері болып табылады.» деген сөздер алып тасталсын.

**«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы»
акционерлік қоғамының
Басқарма төрағасы _____**